

тельность на территории Республики Казахстан и (или) другого государства экстремистской судом влечет за собой:

1) аннулирование государственной регистрации в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан;

2) запрет на пребывание на территории Республики Казахстан иностранных граждан и лиц без гражданства в качестве представителей данной организации;

3) запрет на ведение любой деятельности на территории Республики Казахстан;

4) запрет распространения на территории Республики Казахстан материалов запрещенной организации, а равно иной информационной продукции, содержащей материалы данной организации;

5) запрет на создание ее организаций – правопреемников в любой организационно-правовой форме.

Такая норма крайне важна, так как в отечественных законах о религиозной деятельности и религиозных объединениях, об общественных объединениях эти направления остались за рамками правового регулирования.

1. Декларация о мерах по ликвидации международного терроризма. Резолюция 49/60 Генеральной Ассамблеи от 9

декабря 1994 года (извлечение). Международно-правовые основы борьбы с терроризмом: сборник документов / Составитель В.С. Овчинский. – М.: ИНФРА-М., 2003. – С. 7.

2. Резолюция 1373 (2001), принятая Советом Безопасности ООН на его 4385-м заседании, 28 сентября 2001 года. Международно-правовые основы борьбы с терроризмом: Сборник документов / Составитель В.С. Овчинский. – М.: ИНФРА-М, 2003. – С. 17.

3. Секция веб – услуг ООН /2006.

4. «Казахстанская правда» от 26 февраля 2005 года. – № 45-46.

5. Международно-правовые основы борьбы с терроризмом: сборник документов / Составитель В.С. Овчинский. – М.: ИНФРА-М, 2003. С. 250.

6. Источник – www.unesco.kz/cgi-bin/library?e.

7. Источник – Приговор за экстремизм. / www.nomad.su/.

8. Назарбаев Н.А. Критическое десятилетие. – Алматы: Атамура, 2003. – С. 88.

9. Антитеррористический центр СНГ. О проблемах идеологического противодействия протикновению религиозного экстремизма в Республику Казахстан. // Источник – официальный сайт АТЦ СНГ. /www.atcsng.ru/.

This reviews certain documents of the United Nations and Kazakh legislation related to counter terrorism, Also some proposals to improve regulation in this regard were made.

БҰҰ-да қаралған жеке құжаттар және экстремизмге қарсы Қазақстандық заң бөлімі. Кейбір көрсетілген мәселелерге құқықтық реттеу тұрғысынан ұсыныстар енгізілген.

А. Абдибекова

1992 ЖЫЛҒЫ ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ТАБИҒИ ОРТАНЫ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ КЕЛІСІМ АЯСЫНДАҒЫ ТМД МҮШЕ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

Қазақ халқындағы «Саусақ бірікпей – ине ілікпейді», «Бірлік болмай – тірлік болмас» деген мақалдар бекерге айтылмаған. Әсіресе бұл қазіргі таңда халықаралық құқықта өте өзекті. Мемлекеттер қандайда бір өзекті мәселені шешу үшін өзара ынтымақтасады. БҰҰ Жарғысының Кіріспесінің 1-бабында БҰҰ мүшелері «экономикалық, әлеуметтік, мәдени және гуманитарлық өзгешеліктегі халықаралық мәселелерді шешуде халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруға» міндеттенетіні жайлы айтылған. Сондықтан, мемлекеттердің ынтымақтасу қағидасы халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу қағидасы сияқты халықаралық құқықтың функционалды қағидасы

болып табылады. Ынтымақтастық – бұл мемлекеттердің өз мүдделерін жүзеге асырудың жалғыз заңды тәсілі, себебі олардың ешқайсысы аваркия жағдайында экономикалық немесе саяси изоляцияда өмір сүре алмайды. Бұл қағидаттың дәл анықтамасы 1970 жылғы Халықаралық құқық қағидалары туралы декларацияда берілген [1]. Осы қағиданы негізге ала отырып, ТМД-ға қатысушы мемлекеттер де аймақтық деңгейде әр түрлі маңызды қызмет салаларында өзара қызметтеседі.

Қазіргі таңда қоршаған ортаны қорғау адамзаттың маңызды қажеттілігіне айналып, оны сақтау үшін бүкіләлемдік қауымдастықты өзара ұйымдасуға және өз әрекеттерін үйлестіруге

мәжбүр еткені бәрімізге белгілі. Табиғат жалпы планетамызға ортақ құндылық болып саналады. Табиғат үшін мемлекеттік шекаралар ешқандай роль ойнамайды, себебі ол саяси шекараны білмейді. Сондықтан, өріс алып жатқан экологиялық проблемаларды шешу жалғыз бір мемлекеттің қолынан келмейтін іс. Сол себепті мемлекеттер қоршаған ортаны қорғау іс-шараларын екі жақты немесе көпжақты нысанда жүзеге асырып жатыр. Сондай іс-шаралардың айқын бір дәлелі ретінде ТМД мемлекеттері арасындағы табиғат қорғаушылық саласындағы өзара ынтымақтастығын айтуға болады.

Бұрынғы КСРО аумағындағы экологиялық мәселелердің қауіптілігі мен қоршаған орта туралы заңнаманың дамуының төменгі деңгейін есепке алғанда, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында табиғат қорғаушылық ынтымақтастықты дамыту мәселесі өзекті болып табылады [2].

1993 жылғы ТМД Жарғысымен бекітілгеніндей экологиялық ынтымақтастық Достастықтың аса маңызды мақсаттарының бірі болып табылады. (2-бап) ТМД-ға қатысушы мемлекеттер өзара бірлесіп табиғатты қорғау шараларын жүзеге асырады және экологиялық апаттардың, және басқа да төтенше жағдайлардың зиян салдарын жоюда бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді. (Жарғының 19-бабы). Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ынтымақтастығы 1992 жылы ақпанда Армения, Әзербайжан, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Молдова, Ресей Федерациясы, Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстан, Украинамен қол қойылған Экология және қоршаған табиғи ортаны қорғау саласындағы келісімі аясында жүзеге асырылады.

Келісімге қатысушы мемлекеттер өз мойындарына келесі міндеттемелерді алады:

- табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау саласында заң актілері мен стандарттарын дамыту және қабылдау;

- табиғи ресурстардың және оларды пайдаланудың сандық және сапалық көрсеткіштері бойынша есеп жүргізу және экологиялық мониторинг жүргізу;

- қоршаған табиғи ортаның жағдайы мен өзгеріс бойынша тиімді мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

- тірі ресурстардың ұдайы өндірісі, биологиялық әртүрлілікті сақтау және қайта қалпына келтіру бойынша шаралар қабылдау;

- қорықтар, заказниктер, ұлттық парктер мен басқа да ерекше қорғалатын аумақтар мен табиғи кешендердің жүйесін дамыту, оларға

жанасып жатқан зоналарда шаруашылық және басқа да қызметтерді шектеу; олардың аумағында жүргізіліп жатқан шаруашылық және басқа қызметтің экологиялық салдарларын жан-жақты бағалау;

- экологиялық апаттардың, авариялардың алдын алу және олардың салдарын жоюға қажетті арнайы күштер мен құралдарды жасау және қолдау; өндіргіш күштердің, инвестициялық және тағы басқа жобаларды дамыту бағдарламалары мен болжамдарына экологиялық сараптама жүргізу;

- экологиялық білім мен тәрбие беруді дамыту, экология мәселелеріндегі жариялылықты қамтамасыз ету бойынша шараларды қабылдау; табиғи ресурстарының шаруашылық пен басқа қызметке тартудың ғылыми негізделген нормаларын, сонымен қатар экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қажеттілігін есепке алғанда олардың қайтарымсыз алынуының лимиттерін бекіту; мемлекеттік Қызыл кітаптарды жүргізу, мемлекетаралық Қызыл кітапты жүргізу үшін материалдар ұсыну;

- осыған дейінгі бұрынғы КСРО-мен бекітілген халықаралық шарттардан шығатын міндеттемелерді сақтау [3].

Осы Келісімнің негізінде Мемлекетаралық Экологиялық Кеңес құрылды, оның мүшелері болып ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің табиғат қорғау министрліктері мен ведомстволықтарының басшылары саналады. (4- бап).

Оның 1993 жылы Ташкентте болып өткен үшінші сессиясында халықаралық табиғат қорғау ынтымақтастық саласындағы іс-қимылдарды өзара келісіп жасау туралы өте маңызды шешім қабылданды. Осы мақсатпен жұмысшы топ халықаралық экологиялық ынтымақтастық мәселелерін үйлестіру бойынша Мемлекетаралық экологиялық кеңестің (МЭК) тұрақты жұмыс тобы болып қайта құрылды және оған халықаралық құжаттарды зерттеу мен талдауды жалғастыру тапсырылды, сонымен қатар құжаттарды зерттеу барысында ең маңызды халықаралық конференцияларда, әртүрлі халықаралық шарттар мен конвенциялардың, сондай-ақ халықаралық ұйымның отырыстарына қатысушылардың өзара келісілген ұсыныстары мен жалпы позицияларын жасауына ең басты назар аударудың қажет екендігі ескерілді.

Мемлекетаралық экологиялық кеңес 1992 жылғы Келісімге қатысушы мемлекеттердің үйлестіруші органы болып табылады және 1992 жылы 9-10 шілдеде Кеңестің Минскідегі ең

бірінші сессиясында бекітілген Мемлекетаралық экологиялық кеңесті құру және оның құзыреті туралы Хаттамаға сәйкес Мемлекетаралық экологиялық кеңес табиғат қорғау ведомстволары басшыларынан тұрады. Оған келесідей міндеттер жүктеледі:

1) келісіммен көзделінген мақсаттар мен міндеттердің жүзеге асырылуын қамтамасыз ету;

2) қатысушы мемлекеттердің табиғат қорғау қызметін үйлестіру;

3) табиғат пайдалану стратегиялары мен келісімге қатысушы мемлекеттердің қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша құжаттарын келісу;

4) қоршаған ортаны қорғау саласындағы бұрынғы КСРО мен қабылданған халықаралық шарттардан келіп шығатын міндеттемелерін орындауда қатысушы мемлекеттердің қызметін үйлестіру және көмектесу;

5) келісімнің аясындағы даму мәселелері бойынша ұсыныс жасау мен шешім қабылдау, сондай-ақ қатысушы тараптар уәделестігін және басқа да мәселелерді орындауына көмектесу [4].

Бірінші сессияда Мемлекетаралық экологиялық қор туралы ереже де бекітілген болатын. Оның негізгі бағыттары болып жекелеп айтқанда табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау саласында бірлескен мемлекетаралық бағдарламалар мен жобаларды қаржыландыру мен несиелеу, табиғи ресурстарды ұдайы өндіру және экологиялық қауіпсіздік; мемлекетаралық ақпараттық жүйені құру және қолдау; үйлесімді негізгі және прикладты экологиялық зерттеулерді жүргізу; төтенше экологиялық жағдай пайда болғанда бірлесіп көмек көрсету және олардың жағымсыз салдарын жою үшін арнайы күштер мен әдістерді қолдау, тиісті экологиялық акцияларға қатысу; табиғи байлықтарды ұтымды пайдалануға бейімделген шаруашылық қызметке ынталандыру, экологиялық қауіпсіз технологияларды енгізу; ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды дамыту бағдарламаларын жүзеге асыруда қаржылық көмек көрсету; қоршаған ортаны қорғау саласында келісілген стандарттар, нормалар мен ережелерді өңдеуді қаржыландыру, мониторинг жүйесін құру; экологиялық сараптама жүргізуді, даму бағдарламалары мен жобаларды, іске асырылуы Қордың екі немесе одан да көп мүшелерінің мүддесін қозғайтын немесе қозғауы мүмкін өндіруші күштерді, инвестициялық және басқа да жобаларды қаржыландыру, ж.т.б. болу керек болды.

1992 жылы МЭК-тің бірінші сессиясында-ақ Аралды қайта қалпына келтіру және басқа теңіз бассейндерін, өзен мен көлдердің су ресурс-

тарын қорғау, жаман халдегі аймақтарды экологиялық сауықтандыру, Чернобыль авариясы мен қоршаған орта мен адам денсаулығына әсер еткен радиациялық факторларға қатысты проблемалар блогымен байланысты және де соған ұқсас ерекше маңыздылықтағы экологиялық проблемалар шеңбері белгіленді.

Кеңес бұл проблемалардың глобальді өзгешелігін есепке ала отырып, халықаралық ұйымдармен байланыс орнатуға және кеңейтуге айтарлықтай назар аударады. Атап айтқанда, осы қызметтің аясында ең біріншілерден болып 15 тамыз 1994 жылы Мемлекетаралық экологиялық кеңес пен БҰҰ-ның қоршаған орта бойынша бағдарламасы (ЮНЕП) арасында ынтымақтастық туралы шартқа қол қойылды. Ол ынтымақтастық пен әрекеттестік бағыттарын қамтиды.

Кеңес ЮНЕП басқарма кеңесі жанында бақылаушы мәртебесі бар үкіметаралық ұйымдардың тізіміне кіреді және оның сессия жұмысында БҰҰ-ның қоршаған орта бойынша бағдарламасы қызметкерлері тұрақты қатысып отырады. Сондай-ақ Еуропа қауымдастығы құрылымдарымен әрекеттестік жүзеге асырылады. Экономикалық қызметтестік және даму ұйымымен (ОЭСР) біргелікте ТАСИС-тің қатысуымен қоршаған ортаны қорғау бойынша ұлттық әрекет жоспарын дайындау жұмысы орындалды. Осы жоспарлардың құрылымдарын өңдеу және Достастыққа қатысушы елдерде олардың жүзеге асырылуын қолдау бойынша арнайы семинар өткізілді. Қазіргі уақытта дерлік барлық ТМД-ға мүше мемлекеттерде осындай жүйелірек жұмыс істеуге мүмкіндік беретін ұлттық бағдарламалар мен әрекет жоспарлары бар.

Кеңес Гидрометеорология бойынша мемлекетаралық кеңеспен, стандарттау, метрология және сертифициаттау бойынша мемлекетаралық кеңеспен және Достастықтың басқа да салалық органдарымен белсенді ынтымақтасады. Мысалы, ТМД білім беру бойынша кеңесімен 2000 жылы қаңтар айында экологиялық білім саласында ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Ол әртүрлі сала мамандарының күш салысуын біріктіруге жағдай жасауға шақырады. Мұндай бағыт халықтың әртүрлі жас топтарына экологиялық тәлім-тәрбие және білім беру бойынша өте тиімді жұмыс жүргізуге мүмкіндік береді. Осы мақсаттың орындалуына қызмет ететін жағдай ретінде дәл осы мәселе бойынша Ақпараттық-әдістемелік орталықтың құрылуы және МЭК-тің ең соңғы сессиясында ТМД-ға қатысушы мемлекеттер үшін Экологиялық білім концепциясының бекітілуін айтуға болады.

Достастықтың экология саласында нормативтік-құқықтық негізін жетілдіруде күш салуын біріктіру үшін ұмтылуда Кеңес ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің Парламентаралық Ассамблеясымен ынтымақтасады. МЭК пен Парламентаралық Ассамблеяның экология және табиғи ресурстар бойынша тұрақты комиссиясының арасындағы тығыз әрекеттесу үшін 2000 жылы қазан айында тиісті келісімге қол қойылды. Осы Келісім бойынша МЭК және Парламентаралық Ассамблеяның экология және табиғи ресурстар бойынша тұрақты комиссиясы ынтымақтасуға жалпы ықылас тудыратын мәселелер бойынша жүйелі түрде кеңес алуға; экологиялық қауіпсіздік және табиғат пайдалану саласындағы қызмет бойынша қабылданған шешімдер туралы бір-бірін хабарландырып тұруға; бір-бірінің сессия жұмыстары мен отырыстарына қатысуға; ТМД-да табиғат қорғау қызметінің заңнамалық және нормативтік-әдістемелік базасын құруға бірыңғай қолайлы жолдарды қалыптастыруға мүмкіндік жасайтын шараларды бірге ұйымдастыруға және өткізуге көмектесуге міндеттенді. МЭК бірнеше сессия өткізіп, онда мемлекетаралық маңызға ие мәселелер қаралды және оның жұмысында ЮНЕП, Экономикалық қызметтестік және даму ұйымымен (ОЭСР), ТАСИС, БҰҰ Еуропалық экономикалық комитет бақылаушылары, Базель, Бонн, Рамсар конвенцияларының және тағы басқа ынталы ұйымдардың хатшылықтарының өкілдері қатысты. Табиғатты қорғау саласының өзекті мәселелері бойынша шешімдер қабылданды, концепциялар, ережелер қатарымен қоса алғанда Мемлекетаралық экологиялық қордың жарғысы бекітілді, бағдарламалар жобалары мен Кеңестің мақсаттары мен қызметінен келіп шығатын ынтымақтастықтың әртүрлі бағыты бойынша келісімдер мен шараларды қарап шықты.

1996 жылы сәуір айында ТМД Үкімет басшылары Кеңеспен әзірленген Қауіпті және басқа да қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды бақылау туралы келісімге қол қойды. Бұл құжат Достастыққа қатысушы мемлекеттердің аумағында 1989 жылғы Қауіпті және басқа да қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды бақылау және оларды жою туралы Базель конвенциясының талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді және сонымен қатар, оған қосылумен байланысты мәселелерді шешуге мүмкіндік туғызады. Осы Келісімге сәйкес оның тараптары қауіпті қалдықтарды тасымалдауды бақылауды өз аумақтарында жүзеге асыратын органдарды да анықтады.

Экологиялық ақпаратқа да үлкен назар аударылады. Оны жақсарту және осы мәселені жүйелі шешу үшін 1998 жылы қыркүйек айында Кеңеспен әзірленген Экология және қоршаған ортаны қорғау саласындағы ақпараттық ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісімге қол қойылды. Осы уақытта Траншекаралық су объектілерін ұтымды пайдалану және қорғау саласындағы әрекеттестіктің негізгі қағидалары туралы үкіметаралық келісім де қабылданды.

Бүгінгі күні табиғаттағы өзгеріс заңдылықтарын үйрену мәселелері мен қоршаған ортаға абайсыз әсер ету және сенімді болжау әдістерін жасап шығу сияқты мәселелер де өте өзекті. Осы жоспарда Кеңес экологиялық мониторинг саласында ынтымақтастық туралы үкіметтік деңгейде Келісімді әзірлеген болатын және 1999 жылы қаңтар айында қабылданды.

Осыған қоса, халықаралық ұйымдармен бірге бірнеше семинарлар өткізілді. Атап айтқанда, Беларусь Республикасының мысалында қауіпті қалдықтарды басқару бойынша; Озон қабатын бұзушы заттар бойынша Монреаль хаттамасы; қоршаған ортаны қорғау бойынша ұлттық бағдарламалар; Базель конвенциясының ТМД-ға қатысушы мемлекеттерінің аумағында жүзеге асырылуы және т.б. бойынша семинарлар өткізілген болатын.

Кеңес 14 сессия өткізді; онда экологиялық ынтымақтастықтың 200-ден аса мәселелері қаралды. Кеңес қоршаған орта бойынша БҰҰ Бағдарламасымен (ЮНЕП), ТМД Парламентаралық Ассамблеясының Тұрақты комиссиясымен және басқа да ТМД-ның құрылымдарымен өзара бекітілген шарттар негізінде ынтымақтасады. Кеңес ТМД-ның Атқарушы комитеті мен Аралды құтқару халықаралық қорының Атқарушы комитетінің арасындағы түсіністік пен әріптестік туралы меморандумды дайындады және оған қол қойды, (16.09.04 ж., Астана), Экологиялық қауіпсіздік туралы конвенцияның жобасын жасады. Халықаралық экологиялық ынтымақтастықтың негізгі міндеттері болып: табиғатқорғаушылық заңнама мен адамның табиғи ортаға белсенді араласуында табиғатты қорғауды жетілдіруді үндестіру бойынша жұмыстар; табиғатты қорғаушылық заңнаманы, табиғи ресурстарды тартудың ғылыми негізделген нормаларды, экологиялық нормалар мен стандарттарды үндестіру бойынша ұсыныстарды дайындау; табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауда экономика саласында жалпы әдістемелік жолдарын өңдеп шығаруға көмектесу; табиғатты пайдалану мен экологиялық қауіпсіздік саласында мемлекет-

аралық бағдарламалар мен жобаларды жетік зерттеуді ұйымдастыру және олардың жүзеге асырылуына көмектесу; мемлекетаралық ақпараттық жүйе мен экологиялық мониторинг жүйесінің құрылуына және жұмыс істеуіне жағдай жасау; ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің Қызыл кітабын әзірлеу және оны жүргізу ж.т.б.

Қазіргі кезде суды тұрақты, қауіпсіз және даусыз пайдалану проблемасының шешімін табу талап етіледі. Достастықтың қатысушы мемлекеттердің қоршаған табиғи ортаны қорғау саласында әрекеттестікті қамтамасыз ететін белгілі бір құқықтық кеңістікті құрумен бірге, Кеңес 1992 жылы 8 қаңтардағы Келісіммен қойылған міндеттерді толық көлемде орындай алмады: мысалы, Мемлекетаралық экологиялық қорды құру. Қордың Жарғысы бекітілді, оның құрылу концепциясы жасалды, дегенмен Қордың өзі мемлекетаралық бағдарламалар мен жобалардың жүзеге асырылуын қиындататын қаржылық проблемалардың себебінен құрылмады.

Табиғат қорғау ынтымақтастығы саласында Кеңеспен жасалынған жұмыстардың нәтижесін, соның ішінде осындай ынтымақтастықтың нормативтік-құқықтық базасын құру жолын қорытатын болсақ, келесі қорытындыларды шығаруға болады: Халықаралық Экологиялық Кеңестің қызметі ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің халықаралық әрекеттестігі үшін құқықтық кеңістіктің құрылуына белсенді түрде мүмкіндік туғызды. Себебі, ол жалпы нормативтік-құқықтық базаны құруға және табиғат қорғау заңнамасын үндестіру үшін қажетті және жеткілікті талабы болып табылады.

Көп жылдар бойы Мемлекетаралық экологиялық кеңес ТМД мемлекеттерінің қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметін үйлестіретін бірден бір құрылым болып саналды және халықаралық деңгейде танылды. Дегенмен, соңғы жылдары де-факто елдердің көбісі МЭК жұмысында қатысуды тоқтатты. Кеңестің мүшелері отырыстарда айтарлық қатыспады. Ең соңғы отырыс Ашхабадта 2005 жылы ақпанда болып өтті. Сонымен қатар, мемлекеттер арасында қоршаған ортаны қорғау саласында ынтымақтастық туралы екі жақты шарттар бекітілген. Үкіметаралық комиссиялар құрылған және олар осы саладағы барлық мәселелерді шешіп отырады. Осындай жағдайларды ескере отырып, Ресей Федерациясының Табиғи ресурстар министрлігі МЭК-ті ТМД-ның тұрақты әрекет етуші құрылымы ретінде сақтап қалудың қажеттілігі туралы мәселені қарап шығуды ұсынды. Бұл ұсыныстар ТМД-ға қатысушы мемлекеттерге қарап шығу үшін

бағытталған болатын. Яғни, көп мәселелерді қарастыра отырып, отырыстың қатысушылары МЭК-ті қайта құру қажеттігіне тоқталды.

Дәл қазіргі уақытта Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы шарт жобасының жаңа редакциясын ұйғару процедуралары жүргізіліп жатыр [5].

Дегенмен, ТМД-ға қатысушы елдердің алдына қойылған кейбір мақсаттары мен міндеттері орындалмастан сөз үстінде қалып жатыр. Өкінішке орай, ТМД мүше мемлекеттерінің қоршаған ортаны қорғау бойынша интеграциясының лайықты нәтижеге жеткенін әлі күнге дейін көре қоймадық. Интеграция, демек ТМД аумағында экономикалық және құқықтық кеңістіктің салыстырмалылық ортақтығын құрушы одақ, төменде көрсетілген бірнеше себептерге байланысты баяу дамып жатыр:

1) ТМД-ға қатысушы мемлекеттер интеграция процесін өте кең мағынада белгіледі және бір уақытта көптеген маңызды мәселелер және салалары бойынша бірігуге тырысты, сонымен қатар бұл өзара әрекеттестіктің негізгі бағыттары таңдалып алынбады, егер осылай болғанда бұл іс-шаралар өзінің жылдам нәтижелерін беруші еді;

2) ТМД-да әлдеқашан әртүрлі мәселелер бойынша көптеген актілер бар, бірақ олардың көбісі орындалмайды, сонымен қатар, олардың кейбіреулері халықаралық стандартқа сәйкес келмейді. Сондықтан уақыттың өтуімен оны қайта қарауды талап етеді;

3) соңғы уақыттары жаңа мемлекеттік бірлестіктер, жаңа институттар құрылды және құрылып жатыр, демек ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің әрбірі өз қызметтерінде олардың мәнісін да есепке алулары керек;

4) ТМД-ға мүше мемлекеттер өзіндік экономикалық және саяси жағдайларына, сонымен қатар, заңнамалық даму қарқынының әртүрлілігіне байланысты кейбір мәселелер бойынша өз бағыттарын жақындатуға бәрі бірдей дайын емес. Сонымен мынадай қорытынды шығаруға болады, ТМД мүше мемлекеттерінің ұлттық заңнамалары дербес дамып жатыр. Демек, экологиялық ынтымақтастықта ТМД-ға бірлесіп заң шығару қажет. ТМД-ға қатысушы елдердің ұлттық экологиялық заңнамасы, сонымен қатар, Достастықтың аясында қабылданған шарттар мен келісімдер көбінесе өздерінің «рамалық» өзгешелігіне (декларативті) байланысты сынға душар болды. Себебі, осы уақытқа дейінгі ТМД-да қабылданған заңдардың көбісі негізінен кеңес кезеңінде қабылданған тиісті заңдарды нақтылап ғана қояды. Ал, олар шаруашылық қызметтің жаңадан пайда болған жағдайларын, экологиялық

параметрлері бойынша тауарлардың әлемдік бағаны қолдану тәжірибесі, жалпы экологиялық ахуалдың төмендеп кетуі есепке алынбады.

1. *Бекяшев К.А.* Международное публичное право: учебник. – М., 2008. – 95 с.

2. *Бринчук М.М.* «Экологическое право (Право окружающей среды)». – М., 1998.

3. Соглашение о взаимодействии в области экологии и охраны окружающей природной среды, от 8 февраля 1992 года, статья 2

4. Материалы первой сессии МЭС СНГ. Минск 9-10 июля 1992. – Минск, 1992.

5. <http://www.cis.minsk.by/page.php?id=13834>

* * *

В этой статье рассматриваются вопросы развития международного экологического сотрудничества стран-участниц СНГ и основные обязательства стран-участниц СНГ по Соглашению о взаимодействии в области экологии и охраны окружающей природной среды.

* * *

This article is devoted to the issues of the international environmental cooperation development of CIS participant countries and the fundamental commitments of participant countries of CIS on the Agreement about cooperation in the sphere of ecology and environment.

Е.Т. Бекбосынов

ДІНИ ЭКСТРЕМИЗММЕН КҮРЕСУ МӘСЕЛЕЛЕРІН РЕТТЕУГЕ АРНАЛҒАН ШЕТЕЛ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ЗАҢНАМАЛАРЫН САЛЫСТЫРМАЛЫ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАЛДАУДЫҢ КЕЙБІР ҚЫРЛАРЫ

Ең алдымен ұлттық заңнамаларға талдаулар жасаудан бұрын, Шанхай конвенциясындағы «экстремизм» ұғымын қарастырып өтеміз. Олай етудің себебі, ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің ішінде, Қытай Халық Республикасы мен Өзбекстан Республикасынан басқа мемлекеттерде, яғни Ресей Федерациясында, Қазақстан, Қырғыз және Тәжікстан республикаларында экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы ұлттық заңнамалар «Лаңкестік, сепаратизм және экстремизммен күресу туралы» Шанхай конвенциясын негізге алып қабылданған десек артық болмас.

2001 жылдың 15 маусымында Шанхай қаласында қабылданған «Лаңкестік, сепаратизм және экстремизммен күресу туралы» Шанхай конвенциясында «экстремизм» ұғымына мынадай мазмұнда анықтама беріледі: «экстремизм – өкіметті зорлықпен басып алуға немесе зорлықпен ұстап тұруға, сонымен қатар мемлекеттің конституциялық құрылысын тікелей зорлықпен өзгертуге, қоғамдық қауіпсіздікке зорлықпен оқталуға бағытталған, сонымен бірге осы жоғарыда көрсетілген мақсаттарда заңсыз әскери құралымдарды ұйымдастыру немесе оларға қатысу және Тараптардың ұлттық заңнамаларына сәйкес қылмыстық тәртіпте қудаланатын іс-әрекеттер» [1]. Бұл анықтама, біздіңше, халықаралық құқық пен ұлттық заңнамаларға, тіпті халықаралық-құқықтық талаптарға толық үйлеспейді, себебі, конвенцияның бұл анықтама-

сында тек өкіметке қарсы және мемлекеттің конституциялық құрылысын өзгертуге, сонымен қатар қоғамдық қауіпсіздікке қарсы бағытталатын саяси экстремистік іс-әрекеттер ғана қамтылған. Ал ұлттық, этникалық, діни және қылмыстық экстремистік іс-әрекеттер, сонымен бірге халықаралық сипаттағы объектілерге бағытталатын экстремистік іс-әрекеттер қамтылмаған. Демек, бұл анықтамаға толықтыру енгізу қажет деп есептейміз. Сол себептен осындай олқылықты толықтыру үшін мынандай жаңа редакциядағы анықтаманы ұсынамыз: экстремизм – Тараптар аумақтарында немесе олардың бірінде, осы тараптардың өкіметтерін немесе олардың бірін зорлықпен басып алуға немесе ұстап тұруға, конституциялық құрылыстарын заңсыз өзгертуге, халықаралық қатынастар пен қоғамдық қауіпсіздікті бұзуға, сондай-ақ халықаралық сипаттағы саяси, діни, ұлттық және қылмыстық экстремистік өшпенділік, араздық пен дұшпандықты қоздыруға бағытталған, заңсыз әскерилендірілген құралымдарды құру, ұйымдастыру немесе оларға қатысқандығы үшін Тараптардың ұлттық заңнамаларына сәйкес қылмыстық тәртіп жолымен қудаланатын халықаралық сипаттағы экстремистік іс-әрекеттер.

«Салыстырмалы құқықтану дегеніміз, шынында, тұтас теориялық бағыт (компаративизм) ... Салыстыру әдісі өзіне мынандай кезеңдерді қосып алады.